

«Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
(білім беру ұйымының атауы)

Әдістемелік бірлестік кеңес хаттамасы

№1 2023жылғы " 28 " тамыз

ӘБ жетекшісі: Дүйсенбаева Л.

Хатшы: Есмаи А

Қатысқандар: 13.

Күн тәртібінде:

1. Өткен жылғы жұмысына талдау, жаңа 2023-2024 оқу жылына арналған міндеттер белгілеу.
2. БЖБ, ТЖБ кестесін құру, I тоқсанға арналған тапсырмаларын қарастыру
3. Мемлекеттік білім беру стандарты, оқу бағдарламалары, әдістемелік нұсқау хатпен танысу және талқылау.
4. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарды және күнделік кз қарастыру

Тыңдалды:

Әдістемелік бірлестік жетекшісі Дүйсенбаева Л.Б 2022-2023 оқу жылының жұмысының қорытындысына талдау жасады. Талдау барысында педагогикалық кадрлар бойынша жұмыс, оқу – тәрбие жұмысына, дарынды оқушылармен жұмыс бойынша қорытынды талданды. Өткен оқу жылының қорытындысы бойынша мұғалімдер марапатталды. Мектеп мұғалімдерін жалпы мектептік тақырып және мақсатымен таныстырып талқылады. Жаңа 2024-2025 оқу жылында мектеп «Білімді терең меңгерген, жеке шығармашылық қабілеті дамыған, ұлттық сана сезімі жетілген, өзін өзі бағалай алатын тұлға қалыптастыру» тақырыбымен жұмыс істеуді жалғастырады. Келер жылы осы жылғы болған кемшіліктерді жою үшін жағдайлар жасау, оқушылардың білім сапасын арттыру басты мақсат болып отыр. Ол үшін:

1. Білім сапасын арттыру мақсатында, әр баланың қолжетімді және сапалы білім алу құқығын жүзеге асыру бойынша әрбір мұғалім мен сынып жетекшілерінің жауапкершілігін арттыру.
2. Педагог-психологпен бірлесе отырып, дарынды және үлгерімі төмен оқушылардың деректер банкін құру және олармен жұмыс істеу бағдарламасын әзірлеу. Дарынды оқушыларды қолдау және дамыту бойынша жұмыстар жүргізу;
3. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру;
4. Білім сапасын арттыру мақсатында, оқытудың нәтижелі технологияларын мұғалімдердің қолдануын зерделеу.
5. Пәндік апталықтар және пәндер бойынша сыныптан тыс жұмысты ұйымдастырудың сапасын арттыру.

Сөз сөйлегендер:

Асқар Е – Барлық мұғалімдері берілген тақырып пен мақсатты орындау үшін жұмыс жүргізу керек. Нәтижеге бағытталған жұмыс жүргізу керек.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Мектеп тақырыбы мен мақсаттарын қабылдай отырып, осы тақырыптар негізінде ӘБ жоспарын құру.

№2 сұрақ БЖБ, ТЖБ, жүргізу және талдау бойынша нұсқаулықты талдау. Пәндер бойынша модерация жүргізу нұсқаулығын талдау бойынша «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен берілген бұйрығы таныстырылды. БЖБ, ТЖБ тапсырмалары алдымен бірлестік отырысында талқылану керектігі ескертілді, содан соң бекітуге ұсыну керек. Модерация пән бойынша ТЖБ жұмысына жасалады. Оқушылардың күмән келтіретін жұмыстары модерациядан өтеді, мұндай жағдайда міндетті түрде жоғары, орта және төмен балл алған оқушылардың жұмыстары сараланып, дескриптор арқылы тексеріліп, шешім шығарылады. Шешім негізінде балл қосылады, алынады немесе өзгеріссіз қалдырылады. БЖБ және ТЖБ өткізу бойынша кесте алдын ала құрылып бекітіледі. Бекітілген кесте бойынша бір күнде 3 БЖБ неме ТЖБ дан артық жоспарланбауы керек.

Сөз сөйлегендер:

Еженхан Е– БЖБ және ТЖБ жұмыстарын рәсімдеуде оқушылардың деңгейі ескеріледі. Тапсырмалар өткен тапсырмаларға ұқсас, және оқушының өз ойын жеткізе білуге бағытталған болады.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1.БЖБ, ТЖБ нұсқаулыққа сәйкес өткізу.

2.Қажет болған жағдайда модерацияны әр тоқсан сайын модерациялық топ мүшелері өткізу керек.

№3 сұрақ бойынша Дүйсенбаева Л мұғалімдерді «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен берілген стандарт талқыланды. Пәндер бойынша «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бекітілген оқу бағдарламалары таныстырылды және талқылады. Мектеп мұғалімдеріне күнтізбелік, күнделікті және тәрбиелік жоспарларды құру бойынша нұсқаулықтар берілді. 1-11 сыныптарға Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар мен элективті курстарды жоспарлау және жүргізу бойынша нұсқаулық берілді. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын

бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) негізінде жүргізілетіні ескертілді.

Сөз сөйлегендер:

Акишев Қ.Қ – 2023- 2024 оқу жылына арналған күнтізбелік – тақырыптық жоспарлар оқу бағдарламалары негізінде құрылуы тиіс. Барлық КТЖ 6.04.2020 жылғы №130 (өзгерістермен 17.03.2023 ж. №68) бұйрықтағы үлгі бойынша құрылуы тиіс. Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар мен элективті курстарды жоспарлауда оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін ескеру қажет.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1.Пән бойынша КТЖ, вариативтік компонент жоспарларды оқу бағдарламалары негізінде құру.

Сөз сөйлегендер:

Дуйсенбаева Л. – жас мамандардың біліктілігін арттыру үшін сабақтарына үнемі қатысуды жүргізу қажет. Және тәжірибесі мол ұстаздардың сабақтарына қатысуды ұйымдастыру қажет.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1.Жоспарға сәйкес іс – шаралар ұйымдастырып өткізу.

ӨБ жетекшісі:



Дуйсенбаева Л

Хатшы:



Естай А

«Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
(білім беру ұйымының атауы)

Әдістемелік бірлестік кеңес хаттамасы

№2 2023жылғы " 1" қараша

ӘБ жетекшісі: *Дүйсенбаева Л*

Хатшы: *Асмаи А*

Қатысқандар: *13.*

Күн тәртібінде:

Баяндама:

1. «Озық технологиялар біздің сабақтарымызда».
2. Жаратылыстану – математика бағытындағы пәндер бойынша оқушылардың І-тоқсанның білім сапасының қорытындылау, мониторинг арқылы салыстыра талдау
3. Тоқсан сайын 4, 9, 11 сыныптарда тестілеу, ББЖМ, ҰБТ байқау сынақ тестілеуін өткізу
4. 5,6 сыныптарда мектепшілік пәндік олимпиада қорытындысы.
5. Математика, химия, биология пәндер онкүндігі қорытындысы.

Тыңдалды:

1 сұрақ бойынша Асқар Е «Озық технологиялар біздің сабақтарымызда» атты тақырыпта баяндама оқылды. Бұл жұмыста жаңа шыққан озық технологиялар және олармен жұмыс істеу, сонымен қатар нәтижелері туралы мәліметтер берілді.

Сөз сөйлегендер:

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім:

Әр ұстаз сабақтарында озық технологияларды нәтижелі қолдансын.

2 сұрақ бойынша Дүйсенбаева Л.Б жаратылыстану – математика бағытындағы пәндер бойынша оқушылардың І-тоқсанның білім сапасының қорытындылау, мониторинг арқылы салыстырмалы талдау жасады.

Сөз сөйлегендер: Бұл сұрақтар әр ұстаз өзінің пікірлерін білдірді.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім:

1. Жіберілген олқылықтардың алдын алу шаралары жасалсын.

2. Келесі тоқсанда білім сапасын көтеру.

3 сұрақ бойынша ӘБ басшысы тоқсан сайын 4, 9, 11 сыныптарда тестілеу, ББЖМ, ҰБТ байқау сынақ тестілеуін өткізу туралы сөз сөйледі.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім:

1. Аталған сұрақтар бойынша нәтижелі жұмыс, сапалы білім көрсету

4 сұрақ және 5 сұрақ бойынша 5,6 сыныптарда мектепішілік пәндік олимпиада қорытындысы және математика, химия, биология пәндер онкүндігі қорытындысы туралы әр ұстаздан ақпарат алынды.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім:

Аудандық кезеңге дайындық деңгейін күшейту.

ӘБ жетекшісі:  Дуйсенбаева Л

Хатшы:  Естай А

«Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
(білім беру ұйымының атауы)

Әдістемелік бірлестік кеңес хаттамасы

№3 2024жылғы " 3 " _____ қаңтар _____

ӘБ жетекшісі: Дүйсенбаева Л

Хатшы: Исмаи А

Қатысқандар: 14

Күн тәртібінде:

1. I жарт жылдықтың қорытындысы бойынша мониторинг жасау. Білім сапасы төмен сыныптардың сабақтарына қатысуына талдау жасау.

2. Физика, көркем еңбек, дене шынықтыру пәндерінің онкүндігінің нәтижесі. Мектепшілік пәндік олимпиадалар қорытындысы.

3. Тоқсан сайын 4, 9, 11 сыныптарда тестілеу, ББЖМ, ҰБТ байқау сынақтарының қорытындысын шығару

4. Үлгірімі төмен оқушылармен жұмыс түрлері. Іс-тәжірибемен бөлісу. Баяндама

Тыңдалды:

1 сұрақ бойынша Дүйсенбаева Л. оқушылардың білім сапасын арттыру басты мақсат болып отыр. Ол үшін:

1. Білім сапасын арттыру мақсатында, әр баланың қолжетімді және сапалы білім алу құқығын жүзеге асыру бойынша әрбір мұғалім мен сынып жетекшілерінің жауапкершілігін арттыру.

2. Педагог-психологпен бірлесе отырып, дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жалғастыру

3. Пәндік апталықтар және пәндер бойынша сыныптан тыс жұмысты ұйымдастырудың сапасын арттыру.

4. Жаратылыстану-математика пәндері бойынша оқушылардың білім сапасын арттырудың әдістерін қолдану.

Сөз сөйлегендер:

Алеш А –Сабаққа қызықтыру, ынтасын көтеру үшін түрлі тәсілдер қолдану керек.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Сапа көтеру мақсатында аталмыш іс шаралар уақтылы орындалсын.

№2 сұрақ: Физика, көркем еңбек, дене шынықтыру пәндерінің онкүндігінің нәтижесі. Мектепшілік пәндік олимпиадалар қорытындысы

Сөз сөйлегендер: Асылбек А онкүндік нәтижесіне бойынша атқарылған іс шаралардың толыққанды өткізілуіне тоқталды.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім:

Мектепшілік олимпиадаларды өткізілу сапасын көтеру.

№3. Дүйсенбаева Л тоқсан сайын 4, 9, 11 сыныптарда тестілеу, ББЖМ, ҰБТ байқау сынақтарының қорытындысын шығару туралы Аралық және мемлекеттік емтихандарға және ҰБТ дайындалу мақсатында жүргізілетін консультацияның кестеге және дайындық жоспарына сай жүргізіледі.

Сөз сөйлегендер:

Назарбекова С.А.— дайындықты тиінақты жүргізу керек. Бекітілген кесте бойынша уақытылы оқушылардың және мұғалімдердің қатысуын қамтамасыз ету керек.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім:

Тестілеу мен ҰБТ дайындық талаптарға сай өтуін қамтамасыз ету.

№ 4. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс түрлері бойынша Алеш А. өз іс-тәжірибемен бөлісті.

Сөз сөйлегендер:

Дүйсенбаева Л үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс түрлерін пысықтады.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім:

Үлгерімі төмен оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында үнемі жұмыс жүргізіп отыру.

ӘБ жетекшісі:  Дүйсенбаева Л

Хатшы:  Естай А

«Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
(білім беру ұйымының атауы)

Әдістемелік бірлестік кеңес хаттамасы

№4 2024жылғы " __25__ " __наурыз__

ӘБ жетекшісі: *Дүйсенбаева Л*

Хатшы: *Естай А*

Қатысқандар: *12*

Күн тәртібінде:

- 1.«Сабақты талдау мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту құралы». баяндама
- 2.Байқаулар мен олимпиадаларға қатысу нәтижелері
- 3.Жаратылыстану – математика бағытындағы пәндер бойынша 5-9 сыныптарда алынған бақылау тестіне талдау жасау.
- 4.Әр түрлі

Тыңдалды:

Бірінші сұрақ бойынша «Сабақты талдау мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту құралы» тақырыбында Е. Есенжан іс- тәжірибемен бөлісті.

Мұғалімдердің міндеті - баланың жеке басын қалыптастыру процесінде білім, білік, дағды жинақтауға бағытталған дәстүрлі оқытуды өзгерту. Оқу процесінде оқушының танымдық және шығармашылық қызметін жүзеге асыру үшін білім беру сапасын арттыруға, оқу уақытын тиімді пайдалануға және үй тапсырмасына бөлінетін уақытты азайту арқылы оқушылардың репродуктивті белсенділігінің үлесін төмендетуге мүмкіндік беретін заманауи білім беру технологиялары қолданылады. Заманауи білім беру технологиялары даралауға, оқу процесінің қашықтығы мен өзгермелілігіне, білім деңгейі мен жасына қарамастан оқушылардың академиялық ұтқырлығына бағытталған.» деп атап өтті

Сөз сөйлегендер:

Естай А– Сапалы сабақ жүргізудің сыры – сабақта түрлі әдіс – тәсілдерді қолдана отырып, жаңа тақырыпты оқушыға жеңіл әрі тиімді үйрету.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім:

1.Білім сапасын арттыру, сапалы сабақ жүргізу мақсатында күнделікті сабақты тиянақты жоспарлау.

№2 сұрақ бойынша Дүйсенбаева Л.Б байқаулар мен олимпиадаларға қатысу нәтижелерімен таныстырып, төмен пайызы себептерін анықтап сөз сөйледі.

Сөз сөйлегендер:

Алеш А. – Аудандық, облыстық және республикалық байқауларға қатысу пайызын келесі оқу жылында көтеру керек.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Оқушылар мен мұғалімдердің аудандық, облыстық және республикалық байқауларға қатысуын қамтамасыз ету.

3 сұрақ бойынша ӘБ басшысы жаратылыстану – математика бағытындағы пәндер бойынша 5-9 сыныптарда алынған бақылау тестіне талдау жасады.

Пәндер бойынша модерация жүргізу нұсқаулығын талдау бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18.03 №125 бұйрығына енгізілген толықтырулар туралы 2020 жылғы 17.04 №149 бұйрығы таныстырылды. БЖБ, ТЖБ тапсырмалары алдымен бірлестік отырысында талқылану керектігі ескертілді, содан соң бекітуге ұсыну керек. Модерация пән бойынша ТЖБ жұмысына жасалады. Міндетті түрде жоғары, орта және төмен балл алған оқушылардың жұмыстары сараланып, дескриптор арқылы тексеріліп, шешім шығарылады. Шешім негізінде балл қосылады, алынады немесе өзгеріссіз қалдырылады.

Сөз сөйлегендер:

Дуйсенбаева Л. – БЖБ және ТЖБ жұмыстарын рәсімдеуде оқушылардың деңгейі ескеріледі. Тапсырмалар өткен тапсырмаларға ұқсас, және оқушының өз ойын жеткізе білуге бағытталған болады.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

6. БЖБ, ТЖБ нұсқаулыққа сәйкес өткізу.

7. Модерацияны әр тоқсан сайын модерациялық топ мүшелері өткізу керек.

ӘБ жетекшісі:  Дуйсенбаева Л

Хатшы:  Естай А

«Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
(білім беру ұйымының атауы)

Әдістемелік бірлестік кеңес хаттамасы

№5 2024жылғы " __29__ " __мамыр__

ӘБ жетекшісі: *Дүйсенбаева Л*

Хатшы: *Естай А*

Қатысқандар: *12*

Күн тәртібінде:

- 1.Тоқсан сайын 4, 9, 11 сыныптарда тестілеу, ББЖМ, ҰБТ байқау сынағына қорытынды жасау.
2. Баяндама: «Химия сабағында лабораториялық және практикалық жұмыстардың тиімді әдістері»
- 3.Жылдық қорытындысы бойынша мониторинг нәтижелері.
- 4.Аттестация өтетін мұғалімдердің портфолиосын сарапшы кеңесіне тапсыруға дайындық

1 сұрақ бойынша бірлестік жетекші тоқсандық жиынтық бақылау (ТЖБ), БЖБ жұмыстары бекітілген кестеге сәйкес жүргізілгенін атап өтті. Барлық пәндер бойынша БЖБ, ТЖБ пәндер спецификациясы негізінде жүргізіледі. БЖБ, ТЖБ қорытындысы бойынша барлық бірлестіктер модерация өткізді. Модерация барысында барлық жұмыстар дескриптор негізінде тексеріліп, қойылған баллдар сәйкестігі бақыланды.

Сөз сөйлегендер:

Естай А – сыныптар бойынша да барлық жұмыстарға модерация өткізілді.

Кемшіліктер болған жоқ.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім:

- 1.Жоспар бойынша тоқсандық БЖБ, ТЖБ өткізу.
- 2.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 мамырдағы № 193 бұйрығы 22 тармағы негізінде модерация тек даулы мәселелер туындаған жағдайда ғана өткізіледі.

№2 сұрақ «Химия сабағында лабораториялық және практикалық жұмыстардың тиімді әдістері» Дүйсенбаева Л.Б өз тәжірибесімен бөлісті.

Сөз сөйлегендер:

Аскар Е. – Дәл осы заманауи оқыту құралдары оқушылардың табысты дамуы үшін білім беру ортасына жағдай жасайды, оларды неғұрлым табысты пайдалану арқасында және ұтымды қысқартылған уақыт ішінде оқытудың қойылған мақсаттарына қол жеткізіледі.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім:

1. Сабақта заманауи оқу құралдарын кеңінен қолдану.

3 сұрақ бойынша жылдық қорытындысы бойынша мониторинг нәтижелері.

Осы оқу жылына қойылған міндеттердің барлығы орындалды. Және мектептің әдістемелік бірлестік жетекшілері жылдық жұмыстары бойынша есеп берді.

Сөз сөйлегендер:

Алеш А- Оқушылардың аудандық, облыстық сайыстар мен байқауларға қатысуы жақсы болды. Бірнеше облыстық және аудандық жетістіктер болды. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру бойынша жоспар және жұмыс кестесі құрылды. Келесі оқу жылына арналған жоспардың жобасы құрылуда.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім:

1. 2023-2024 оқу жылының жоспарының орындалуын қанағаттанарлық деп есептеу.

2. 2023-2024 оқу жылының қорытындысын және мұғалімдердің ұсыныстарын негізге ала отырып, жаңа оқу жылының жылдық жоспарының жобасын құру.

3. Дарынды оқушылармен жұмысты нығайту бойынша жаңа оқу жылына жоспар құру.

4 сұрақ бойынша аттестация өтетін мұғалімдердің портфолиосын сарапшы кеңесіне тапсыруға дайындық туралы ақпарат берілді.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім:

Аттестациядан өтетін ұстаздардың портфолиосын реттеу

ӘБ жетекшісі:



Дуйсенбаева Л

Хатшы:



Естай А